

Күзгі жүгіріс жарысының ресми ережелері

Өтетін күні: 9 қараша 2019 ж.

1. ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТЫ

"Күзгі жүгіру" жарысы – қашықтығы 11 км және 3 км жүгіру. Бұл батыл, спорттық шара, әр алматылық және қала қонақтары өз күшін сыпан көре алатын жарыс.

Өткізу мақсаты:

- зиянды әдеттерден бас тарту (темекі шегу));
- салауатты ұлт қалыптастыру.
- Алматы қаласы тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- бұқаралық спортты дамыту.

2. ЖАРЫСТЫҢ ЖЕТЕКШІ ҰЙЫМДАРЫ

2.1. Жалпы жетекшілікті «Бірінші болуға батылдық» Корпоративтік Қоры жүзеге асырады.

2.2. Жарысты дайындауды және өткізуді ұйымдастыру Ұйымдастыру комитеті - (әрі қарай - Ұйымкомитеті) «Бірінші болуға батылдық» Корпоративтік Қорына жүктеледі.

3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

3.1. Жарыстың өтетін күні мен уақыты: 9 қараша 2019 ж., сағат 08:00 бастап 12:00 дейін

3.2. Өтетін орны: Алматы қ.

Жарыстың басталуы мен аяқталуы: Сайран көлінің маңында

4. ҚАШЫҚТЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына төмендегілер кіреді:

Жүгіріс – 11 км,

Скандинав жүгірісі – 11 км,

Балалар қашықтығы – 3 км.

4.2. ЖАС САНАТТАРЫ

4.2.1. 11 км жүгіру жарысының жас санаттары:

15-34 жас;

35-49 жас;

50+

4.2.2. Балалар жүгірісінің жас санаттары:

10-14 жас;

5. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1. Жарысқа қатысуға рұқсат етіледі:

11 км жүгіру - 15 жастан бастап қатысушыларға;

11 км скандинав жүрісі - 15 жастан бастап қатысушыларға;

3 км балалар жарысы - 10 жастан 14 жасқа дейінгі қатысушыларға;

5.2. Бір уақытта бірнеше қашықтыққа қатысуға қатаң тыйым салынады.

5.3. Тіркелу кезінде жарыс кезіндегі толық жас ескеріледі.

6. ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАР

6.1. Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымкомитеті көтереді.

6.2. Жол, орналасу және тамақтану шығындарын іс-сапарға жіберетін ұйымдар немесе қатысушылардың өздері көтереді.

7. ЖЕҢІПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

7.1. 3 км жүгіруден қыздар мен балалар арасында 10 жастан бастап 14 жасқа дейінгі қатысушыларды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағазы, медаль және бағалы сыйлық алады.

7.2. 11 км жүгіруден 1-3 орын үшін 15-34, 35-49, 50+ үш жас санатындағы ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды марапаттау.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағазы, медаль және бағалы сыйлық алады.

7.3. 11 км қашықтығында абсолюттік біріншіліктегі жеңімпаздарды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлық алады.

7.4. Жүгірудің мәреге жеткен қатысушыларының барлығына мәреші медалі беріледі.

7.5. Ақшалай сыйлықтарды жеңген қатысушылар сыйлықты жеке банктік шотына ақша аударымы арқылы ала алады. Ол үшін сіз жарыс аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде info@almaty-marathon.kz поштасына хат жіберуіңіз керек:

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін:

Банктік шот туралы анықтама, сондай-ақ жеңімпаздың жеке куәлік көшірмесі;

Қазақстан Республикасының резиденті емес қатысушыларға:

Жеңімпаздың жеке куәлігінің көшірмесі, банктің атауы, банк бөлімшесінің мекен-жайы және сіз ақша алатын қаланың атауы.

8. ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ

8.1. Қатысушыларды www.almaty-marathon.kz сайтында тіркеу 2019 ж. 21 қазаннан басталып, қатысушылардың жалпы саны 1200 адамға жеткен кезде 2019 ж. 1 қарашада аяқталады.

8.2. Онлай тіркеу процедурасынан өткен және сөрелік жарнасын төлеген қатысушы тіркелген болып саналады. Қатысушылар тізіміне тек қана төленген өтінімдер енгізіледі.

8.3. Қатысушы тіркелген және бастау жарнасын төлеген кезде жарыстардың Ережесімен келіседі.

8.4. Сөре жинақтары 6 және 7 қарашада сағат 10:00 бастап 20:00 дейін беріледі.

Назар аударыңыз! Сөре жинақтары басқа күндері берілмейді.

8.5. Қатысушыларға жарысқа қатысуға қатысушының жинағын беру кезінде ұсынылатын құжаттар болғанда ғана рұқсат етіледі:

10 жастан бастап 17 жасқа дейінгі қатысушылар үшін:

- Жеке куәлігінің көшірмесі (туу туралы куәліктің көшірмесі);
- Ата-ананың екеуінің жарысқа қатысуға рұқсат беретіні туралы қолхаттары;
- Қолхатқа өз қолымен қол қойған ата-ананың екеуінің жеке куәліктерінің көшірмесі.

18 және одан жоғары жастағы қатысушылар үшін :

- Жеке куәлік көшірмесі;
- Өз денсаулығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алатыны туралы қолхат.

8.6. Қатысушы өзінің сөрелік нөмірін алып кете алмайтын жағдайларда өзге адам қатысушының жеке бас куәлігінің көшірмесін, сөрелік нөмірді алатын адамның жеке куәлігінің көшірмесін және қатысушының атынан жазылған денсаулық туралы қолхатты көрсету арқылы сөрелік нөмір берілетін күні алып кете алады.

8.7. Сөре жарнасы:

11 км жүгіруден жарысқа қатысушылар үшін – 3000 теңге;

11 км Скандинав жүрісіне қатысу үшін – 3000 теңге;

3 км жүгіруден жарысқа қатысушылар үшін – 1000 теңге.

8.8. Жарысқа қатысуға төленген қаражат қайтарылмайды. Қате немесе өзгенің ID-нөміріне жіберілген қаражат қайтарылмайды және басқа қатысушыға аударылмайды.

8.9. Сөре нөмірі жоқ қатысушылар жарысқа қатысуға жіберілмейді.

8.10. Өзге біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынған. Сөре нөмірін өзге қатысушыға беру фактісі анықталған жағдайда нөмірді берген және өзгенің нөмірін алған қатысушы нәтижесі жоққа шығарылып, осы жарыстан аластатылады. Келесі 3 жарысқа да жіберілмейді.

9. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ.

СӨРЕ

08.00 – 08.30 Қатысушылардың жиналуы.

08.30 – 08.55 Жүгіруден жарыс ережелерін жариялау. Бой жазу.

08.55 – 09.00 Жүгіруден жарыс қашықтықтарын бөлу.

09.00 Балалардың 3 км жүгіруден жарыс сөресі. Есептелген уақыт – 45 минут.

09.30 11 км жүгіруден жарыс сөресі. Есептелген уақыт — 2 сағат 00 минут

09.35 11 км Скандинав жүрісі бойынша жарыс сөресі. Есептелген уақыт — 2 сағат 00 минут

МӘРЕ

09.10 – 09.20 3 км алғаш болып мәреге жетушілердің есептелген уақыты.

09.50 – 10.00 3 км жүгіру жарысында 10 жастан бастап 14 жасқа дейінгі балаларды 1-3 орын үшін марапаттау.

10.15 – 10.25 11 км алғаш болып мәреге жетушілердің есептелген уақыты.

11.10 – 12.00 11 км жүгіруден жарыста әйелдер мен ерлерді жас санаттары бойынша 1-3 орын үшін марапаттау.

12.00 Мәре аймағының жабылуы.

11 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут

8 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут

3 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 45 минут

10. НӘТИЖЕЛЕРДІ САНАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

10.1. Жүгіруге қатысушылардың нәтижесін электрондық хронометраж жүйесі белгілеп алады және оны сот алқасы растайды. Жүгіру жарысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады

10.2. Сот алқасы. Төрешілер жарыс ережелерінің сақталуын, спорттық доданың әділ және дұрыс жүргізілуін, ал жеңімпаздың объективті түрде анықталуын мұқият бақылайды. Осы жарыста қызмет көрсететін спорт төрешілерінің барлығы сот алқасын құрайды.

10.2.1. Сот алқасына төмендегілер кіреді:

• Жарыстардың бас төрешісі

Бас төреші жарыстар өткізілетін орынның дайындығын алдын ала тексереді, төрешілердің жекелеген жұмыс аймақтары бойынша үлестіреді және олардың өз міндеттерін орындауын бақылайды. Жарыстар аяқталған соң бас төреші іс-шара туралы есеп құрады және онымен қоса жарыстар нәтижелерін Ұйымкомитетіне ұсынады.

•Жарыстардың бас хатшысы

Жарыстардың бас хатшысы хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерге, қатысушыларға және көрермендерге сөрелердің барысы туралы уақтылы ақпарат беру үшін қажетті материалдарды құрастырып, соңында нәтижелер бойынша жалпы есебін шығарады.

•Жарыстың бас дәрігері

Жарыстың бас дәрігері медициналық қызметкерлер мен еріктілердің қашықтық жолын және сөре-мәре қалашығының жұмысын бақылайды. Қажет болған жағдайда, бас дәрігер қатысушыны конкурстан алып тастай алады.

•Сөре-мәре аймағының төрешілері

Сөре-мәре аймағының төрешілері сөре кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін спортшылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес баруын қадағалайды. Төрешілер мәре түзуінде алғашқы 10 мәресіні мәре хаттамаларына белгілейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстыру үшін бас төрешіге беріледі.

Сот алқасына кәсіби спортшылар мен мамандарды шақыруға рұқсат етіледі.

11. ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

11.1. Ресми қорытындылар www.almaty-marathon.kz сайтында іс-шара аяқталған соң 24 сағат ішінде жарияланады;

11.2. Жарысқа қатысушының нәтижелері сөре нөмірі дұрыс тағылған жағдайда ғана белгілеп алынады. Сөре нөмірі анық көріну керек, сөре нөмірін жарысқа қатысушының кеудесіне тағу қажет;

11.3. Жарыстардың Ұйымкомитеті төмендегі жағдайларда әрбір қатысушының жеке нәтижеге ие болатынына төмендегі жағдайларда 100% кепілдік бере алмайды:

- Чиптің дұрыс тағылмауы;
- Қатысушы басқа қатысушының чипімен жүгірген жағдайда;
- чиптің магнитсіздендірілуі;
- Сот алқасының шешімі бойынша жарыстан шығару.

11.4. Ұйымкомитетінің қатысушы бір және одан артық чек-пойнттарда белгіленбеген жағдайда қатысушыны жарыстан шығару туралы соңғы шешімді қабылдау құқығы сақталады.

11.5. Нәтижелерді шығару кезінде қолданылатын терминология:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шыққан жоқ)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жеткен жоқ)
- DSQ – Disqualified (қатысушы жарыстан шығарылды)
- Мәре уақыты – қатысушының сөре белгісінің берілуінен бастап мәре маттарынан өткенген дейінгі уақыты.

- Чип уақыт – қатысушының сөре маттарынан бастап мәрте маттарына өткенге дейінгі уақыты.

МАҢЫЗДЫ! Жүгірудің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады. Абсолюттікте уақыт чипімен анықталады.

12. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН ШАҒЫМДАР

12.1. Наразылықтар Ұйымкомитетіне беріледі және оларды сот алқасы қарайды.

12.2. Қатысушы іс-шара аяқталғаннан кейінгі 2 (екі) күнтізбелік күннің ішінде шағым беруге құқылы.

Шағымдар info@almaty-marathon.kz электрондық мекен-жайына жіберіледі

Шағым беру кезінде төмендегі мәліметтерді көрсету қажет:

- тегі және аты (аты көрсетілмеген шағымдар қаралмайды);
- шағымның мәні, шағымның мазмұны;
- Шағым жасауға түрткі болған негіздер (фотосурет, жеке секунд өлшеуіш, субъективті пікір және т.б.).

12.3. Ұйымкомитеті шағымның немесе наразылықтың берілген сәтінен бастап 24 сағаттың ішінде шағым берілген электрондық мекенжайға жіберілетін ресми жауап дайындайды.

12.4. Шағымдар тек қатысушылардан қабылданады.

13. БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АККРЕДИТАЦИЯ

13.1. Шараға БАҚ өкілі ретінде тіркелу алдын-ала өтеді. Аккредитациядан өту үшін журналистің, оператор, фотографияның аты-жөнін, БАҚ атауын, ұялы телефон нөмірін және почтасын prmanager@almaty-marathon.kz почтасына жазу керек.

14. АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

14.1. Іс-шара туралы толық ақпарат www.almaty-marathon.kz сайтында, сондай-ақ мына әлеуметтік желілердің аккаунттарында көрсетілген:

vk.com/almatymarathon

facebook.com/almatymarathon

instagram.com/almatymarathon

https://t.me/almaty_marathon

Басқа ақпараттық ресурстардағы ақпарат үшін Ұйымкомитеті жауапкершілік көтермейді.

Осы ереже жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

